

Монополия (гр. monos – жалғыз және poleo – сатамын) — бір тұлғаның немесе тұлғалар тобының, мемлекеттің белгілі бір затқа (мысалы, жерге), белгілі бір затты өндіруге немесе сатып алуға, белгілі бір тауарлармен сауда жасауға айрықша құқығы;

Монополия түрлері:

Өңдеу Сипатына және пайда болу себептеріне байланысты монополияны бөлуге болады:

- Табиғи монополия - сирек кездесетін және өндірілмейтін өндіріс факторына биіктеу жағдайында пайда болады (тұтынушыларға - су отын, энергия қуатын, газ беру және т.б. фирмалар ).
- Жасанды монополия - фирмалардың бірігу және келісу нәтижесінде пайда болады. Кездейсоқ монополия - өз шеңберіндегі тұтынушылардың сұраныстының ұсыныстан уақытша артуы жағдайында пайда болады.

Табыс, Түсім – шотқа түскен ақша

## Табыстың түрлері:

- өнім құнының айырмасынан түсетін дербес сатулардан табыс
- желі құрудан түсетін табыс
- кәсіпкерлік табыс
- лекторлық табыс
- инвесторлық табыс

Жетілген бәсеке нарығы дегеніміз – нарықтағы бағаға әсер ете алмайтын және оны өзгерте алмайтын, саны өте көп және көлемі жағынан шағын фирмалар жұмыс істейтін нарықтық құрылымның бір типі.

Жетілген бәсеке нарығы төменде аталған шарттардың орындалуын тілейді:

- жеке фирманың өндіріс мөлшері елеулі болмайды және ол сол фирма сататын тауардың бағасына әсер етпейді;
- әр өндірушілер сататын тауарлар біртекті тауарлар болады;
- сатып алушылардың баға туралы информациясы толық болады. Егер біреу өз өнімінің бағасын көтерсе, онда ол сатып алушыларынан айырылады;
- сатушылар өзара баға туралы келісім жасаспайды және әрекеттерін бір-бірімен келіспей жеке жүргізеді;
- өндіруші фирмалардың салаға кіруі мен шығуына жол ашық болады.